

І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ «ZHANSUGUROV COLLEGE»



**«ZHANSUGUROV COLLEGE»-нің ЕСЕБІ
және 2021-2022 оқу жылына қойылатын мақсаттар мен
міндеттер**

Талдықорған 2021

КОЛЛЕДЖ МИССИЯСЫ :

ел мен өңірдің адами капиталын дамыту үшін жағдай жасау, жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде стейкхолдерлердің талаптарына сәйкес келетін, іргелі білімі, креативті, кәсіпкерлік ойлау қабілеті бар көшбасшыларды қалыптастыру

КОЛЛЕДЖДІҢ БОЛАШАҚ КЕЛБЕТІ:

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің колледжі әлемдік білім беру кеңістігінде Алматы облысының техникалық және кәсіптік білім беретін үздік оқу орны ретінде танылған инновациялық үлгідегі колледж болуы тиіс.



Колледждің басқару органы ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС болып табылады



Педагогикалық кеңесінің негізгі жұмысы:

- колледждің перспективті дамуын анықтау;
- оқу жылында семестрлер бойынша колледж жұмысының қорытындысын талдау, педагогикалық ұжымның алдында тұрған мақсаттары мен міндеттерін анықтау және жұмыстарының мониторингі;
- білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандартына сай жаңа экономикалық жағдайда жұмыс істеуге қабілетті болатын, мамандарды дайындау сапасын бақылау;
- колледждің болашақтағы дамуын және оның материалды-техникалық базасын жетілдіру және анықтау;
- оқу үдерісіне инновациялық технологияларды белсенді түрде енгізу, оқытушылардың педагогикалық шеберліктерін жетілдіру;
- оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруының инновациялық әдістерін енгізу;
- әлеуметтік серіктестіктерді дамыту, өндірістік тәжірибені ұйымдастыру;
- қазіргі қоғамға бейімделген және әлеуметтік жетістікке дайындалған жан-жақты тұлғаны тәрбиелеу.



The logo of ZhanSU (Zhansugurov University) is a shield-shaped emblem. At the top is a blue square with a white 'Z' and 'U' inside. Below it, the text 'ZHE TYSU UNIVERSITY' is written in small blue letters. A large blue banner across the middle contains the text 'ZHANSUGUROV COLLEGE' in white. Below the banner is an open book icon, and at the bottom, the year '2018' is displayed.

**«Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы
27 желтоқсандағы ҚР Заңына сәйкес 6 педагог
біліктілік санаттарын жаңа форматта өтті**


- **«Педагог-зерттеуші»** біліктілік санаты 1 оқытушы
А.М.Сулейменова;
- **«Педагог-сарапшы»** біліктілік санатын - 3 оқытушы
Г.Н.Боранбаева, Г.Абзалқызы, А.С.Галиев;
- **«Педагог-модератор»** біліктілік санаты- 2 оқытушы
М.С. Корабаева, А.К.Абильмажинова

[illegible][illegible][illegible]

Колледж оқытушыларының сапалық құрамы



Оқытушының дәрежесі	2019-2020 оқу жылы		2020-2021 оқу жылы	
	жылдың басы	жылдың аяғы	жылдың басы	жылдың аяғы
Барлығы	42	45	51	65
<i>Штаттық қызметкерлердің саны</i>	29	27	49	42
<i>Қоса атқарушылық бойынша қабылданған қызметкерлер саны</i>	13	18	2	23
Педагогика ғылымдарының докторы	1	1	1	2
Педагогика ғылымдарының кандидаты	1	2	-	1
Доктор PhD	-	-	-	1
Магистр	9	9	14	14
Жоғары санатты, 14 дәрежелі	9	9	9	12
1-ші санатты, 13 дәрежелі	5	7	6	8
2-ші санатты, 12 дәрежелі	7	8	7	16
Санаты жоқ	10	9	13	11



Біліктілікті арттыру курстары



2019-2020 оқу жылында колледждің 35 педагогы (77 %) біліктілік арттыру курстарынан өтсе, 2020-2021 оқу жылында 39 педагог (52%) біліктілік арттыру курстарынан өтті.



- «Talap» КЕАҚ
- «Назарбаев Зияткерлік мектептер» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы (жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында)
- «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы
- І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығы





Облыс көлемінде өз іс-тәжірибелерімен бөліскен оқытушылар

№	Оқытушылардың аты-жөні	Пәні	Сабак тақырыбы
1	Айтжанова А.А	Орыс тілі	«Что такое свободное время. Как провести свободное время. Основные правила орфографии»
2	Сулейменова А.М.	қазақ тілі	«Қос сөздер. Мамандық таңдау»
3	Таева М.Т.	Ағылшын тілі	«English speaking countries»
4	Кусаинова Д.Ж.	Физика	Постоянный электрический ток. Закон ОМа.
5	Октябрь Ә.	туризм	« Экскурсиялық-туристік маршруттар және олардың әдістемесі»
6	Канағатова Б.Ж.	Жаңа пед. технологиялар	«Деңгейлеп – саралап оқыту технологиясы (Ж.А.Қараев)»





Республикалық , облыстық вебинар

«Zhansugurov college»-нің бастамасымен «Worldskills Қазақстан жобасы арқылы техникалық және кәсіптік білім саласында мектепке дейінгі және педагогикалық мамандықтарды жаңғырту»

Республикалық вебинар.

Мақсаты - **WorldSkills Қазақстан** жобасы арқылы техникалық және кәсіптік білім жүйесінде мектепке дейінгі және педагогикалық мамандықтарда инновациялық процестерді ынталандыру және оқытудың жаңа технологияларын енгізу. Zoom платформасында вебинар жұмысына «**Talap**» коммерциялық емес акционерлік қоғамы WorldSkills қозғалысын дамыту департаментінің басшысы **Татибеков Санжар Меирханович, Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі** «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі, эксперт-компатриоты **Әмірова Сағира Абзалқызы, «Облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы» МКҚК-нің** маманы **Тумаева Раушан Кабдолдановна, Қарасай ауданының «Сандуғаш» балабақшасы** әдіскері **Батырбаева А.Б., М. Жұмабаев атындағы жоғары гуманитарлық колледжінің** оқытушы-әдіскері **WorldSkills Қазақстан-2020** чемпионатының бас эксперт орынбасары **Бикбаева В.П., Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледж директорының практика жұмысы бойынша орынбасары, педагогика ғылымдарының магистрі Мукушева К.С., Есік гуманитарлық-экономикалық колледжінің** арнайы пән оқытушысы, эксперт-компатриот **Баймуханова С.А.** және колледж директоры **п.ғ.д., профессор Мальтекбасов Марат Жабыкбаевич** қатысып, техникалық және кәсіптік білім беру саласына инновациялық әзірлемелерді дайындау мен енгізудің жолдарын талқылады.

Облыстық вебинар.

«ТЖКББ жүйесінде оқыту нәтижелерін бағалаудың негізгі компоненттері». Модератор: **Боранбаева Гультайрус Нурсапаевна** «ZhansugurovCollege»-нің орыс тілі мен әдебиет пәнінің оқытушысы





Колледжде ұйымдастырылған әдістемелік семинарлар

№	Семинар тақырыптары	Мерзімі	Модераторлар
1	«Заманауи сабақтарды ұйымдастыру мен өткізу»	01.11.2019	п.ғ.д., профессор, республикалық «Ең үздік оқытушы» атағының иегері, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің оқытушысы С.М. Сеитова
2	«Критериалды бағалау түсінігі, қызметі мен міндеттері»	04.11.2019	Талдықорған қаласы, Назарбаев Зияткерлік мектебінің физика – математика бағытының мұғалімі М. М. Шакенов пен ғылыми – педагогикалық бағыт докторанты, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің оқытушысы К.Қ. Забиева
3	«Модульдік білім беру бағдарламаларын жобалау»	14.11.2019	п.ғ.к., қауымдастырылған профессор Г. О. Кожашева
4	«ТЖКБ ұйымдарында оқытудың кредиттік технологияларын енгізудің кейбір ерекшеліктері»	21.11.2019	«Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығының» директоры, физика-математика ғылымдарының кандидаты, Г.К.Калжанова
5	«Колледжде қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану»	27.11.2019	педагогика ғылымдарының кандидаты, қашықтықтан оқыту факультетінің деканы Г.Т.Кыдырбаева
6	«Қашықтықтан оқыту жағдайында студенттерді оқу контенттерімен қамтамасыз ету»	18.03.2020	Колледж әдіскері Г.Н.Боранбаева
7	«Қашықтан оқытуды ұйымдастыруда видеосабақтардың құрылымы және оны әзірлеу жолдары»	17.04. 2020	Колледж әдіскері Г.Н.Боранбаева
8	«Пәннің оқу-әдістемелік кешенін құрастыруды әдістемелік тұрғыдан сүйемелдеу»	30.04.2020	Колледж әдіскері Г.Н.Боранбаева
9	«Жалпы білім беру пәндерінің модульдік бағдарламасын құру»	06.05.2020	Колледж әдіскері Г.Н.Боранбаева





A group of 18 people, including students and staff, posing for a group photo in a classroom. They are standing in two rows, with some holding papers. A large black bag sits on a table in the foreground.





«Критериалды бағалау түсінігі, қызметі мен міндеттері» атты әдістемелік семинар

Семинар барысында,
Талдықорған қаласы,
Назарбаев Зияткерлік
мектебінің физика –
математика бағытының
мұғалімі **М. М. Шакенов**
пен ғылыми – педагогикалық
бағыт докторанты,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу
мемлекеттік университетінің
оқытушысы **Камшат
Қазбекқызы Забиева** шебер
сынып көрсетті.





«Модульдік білім беру бағдарламаларын жобалау» атты әдістемелік семинар

Семинарда модератор п. ф. к., қауымдастырылған профессор **Г. О. Кожашева** шебер сынып , физика кафедрасының аға оқытушысы, жаратылыстану ғылымдарының магистрі **Ә.Б. Абдулаева** ,математика және информатика кафедрасының аға оқытушысы, 2 курс докторанты **Е. Н. Гаврилова** баяндама оқыды.





«ТЖКБ ұйымдарында оқытудың кредиттік технологияларын енгізудің кейбір ерекшеліктері» атты әдістемелік семинар

Семинарда «Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығының» директоры, физика-математика ғылымдарының кандидаты, **Г.К. Калжанова** білім беру бағдарламаларын жобалаудың негізгі аспектілерін қарастырды.






«Колледжде қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану» атты әдістемелік семинар

Семинарда педагогика ғылымдарының кандидаты, қашықтықтан оқыту факультетінің деканы **Г. Т. Кыдырбаева**, инженер-жүйе технигі, магистр **Г. Машрипханова** және әдіскер, магистр **Кыстаубаева М. С.** колледж оқытушыларымен іс-тәжірибе алмасты.



Колледжде ұйымдастырылған әдістемелік семинарлар

- ❖ «Қашықтықтан оқыту жағдайында студенттерді оқу контенттерімен қамтамасыз ету» атты әдістемелік семинар. Колледж әдіскері Г.Н.Боранбаева
- ❖ «Қашықтан оқытуды ұйымдастыруда видеосабактардың құрылымы және оны әзірлеу жолдары» атты әдістемелік семинар. Колледж әдіскері Г.Н.Боранбаева
- ❖ «Пәннің оқу-әдістемелік кешенін құрастыруды әдістемелік тұрғыдан сүйемелдеу» атты әдістемелік семинар. Колледж әдіскері Г.Н.Боранбаева
- ❖ «Жалпы білім беру пәндерінің модульдік бағдарламасын құру» атты әдістемелік семинар. Колледж әдіскері Г.Н.Боранбаева






Колледжде ұйымдастырылған әдістемелік семинарлар

«Табысты сабақ ерекшеліктері» атты әдістемелік семинар
Модератор: "Назарбаев зияткерлік мектептері" ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының аға менеджері, филология ғылымдарының кандидаты, доцент **Асхат Әлімов**



«Сабақты зерттеу - кәсіби біліктілікті арттыру құралы» атты әдістемелік семинар
Модератор: **Әлімов Асхат Хамзаевич**



Оқытушылардың жетістіктері



Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары басшылардың арасындағы **«Табыс кілті - 2021»** ғылыми еңбектерінің байқауында I дәрежелі дипломмен марапатталып **«Ең үздік колледж директоры»** атағына **Мальтекбасов Марат Жабыкбаевич** ие болды



Тәуелсіз мемлекеттер достастығының 30 жылдық мерейтойына орай өткізілген **«ТМД-ның үздік педагогы 2021»** атты халықаралық байқауына қатысып, жеңімпаз атанған **С.Н.Наурызбаева 1 дәрежелі дипломмен** марапатталды.

Алматы облысы білім басқармасының
ұйымдастыруымен 2020-2021 оқу жылында
облыстық «Үздік кәсіптік білім беру ұйымы»
байқауына 74 колледж қатысып,
«ZHANSUGUROV COLLEGE»
«Жетістік жолында» номинациясымен
марапатталды



Оқытушылардың жетістіктері



Қазақстан Республикасы
Педагогтар Қоғамының
ұйымдастыруымен өткізілген «**Жыл
үздіктері - 2021**» республикалық
байқауына ұсынған келесі
оқытушылардың жұмыстары үздік
деп танылған: А.Сулейменова,
А.Айтжанова, М.Таева,
М.Корабаева, К.Макеева,
Б.Байырбаева, Г.Омарова



Облыстық ашық бейне сабақтар **1
дәрежелі диплом** жеңімпазы жалпы
білім беру оқытушысы А.М
Сулейменованың қазақ әдебиеті пәнінен
әзірлеген бейне сабағы, бүгінгі таңда,
облыстық колледждері оқытушылары
арасында ЖББ пәндерінен бейнесабак
әзірлеудің үлгісі ретінде таратылды.



«Облыстық білім
беруді дамыту оқу –
әдістемелік орталығы»
КММ ұйымдастыруымен
өткізілген облыстық
колледждері оқытушылары
арасында «Тәжірибедегі
оқытудың жаңа жүйесі»
байқауда Д.Ж.Кусайнова **II
орынды** иеленді.

Оқытушылардың жетістіктері



Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтің «Сындарлы қоғамдық диалог- Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына арналған жолдауындағы білім саласына байланысты бағыттарын білім беру ұйымдарының педагогтары мен білім алушылары арасында кеңінен насихаттау мақсатында өткен **«Білім беру ісінің үздік педагогы-2020»** атты республикалық байқауда I дәрежелі дипломмен келесі оқытушылар марапатталды: Мальтекбасов М.Ж., Жанузакова Б.Ж., Боранбаева Г.Н., Макеева К.М., Айтжанова А.А. Сулеменова А.М., Нурбекова А.К., Омарова Г.Б., Галиев А.С., Кусаинова Д.Ж.



Колледж 12 мамандық 18 біліктілік, оның ішінде 4 педагогикалық мамандық бойынша білім беру қызметін іске асырады.

Республика бойынша «ZHANSUGUROV COLLEGE» базасында алғашқы болып педагогикалық құзіреттіліктері бойынша аймақтық орталығы ашылып, колледж базасында Алматы облысының білім басқармасы ықпалымен 2020 жылдың 2-11 желтоқсан аралығында «WorldSkillsTaldykorgan» аймақтық кәсіби шеберлік чемпионатын «Мектепке дейінгі тәрбие», «Бастауыш сыныптарды оқыту», «Дене шынықтыру және спорт» құзіреттіліктері бойынша жүргізді



Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде техникалық және кәсіптік жүйедегі мамандардың сапасы және олардың кәсіби жарамдылығы жұмыс берушілердің идеяларына толық сәйкес келмейді. Сол себептен, Республикада бірінші болып **колледждің бастамасымен** Алматы облысы білім басқармасы жанынан **Жобалық кеңсе** құрылды. Шығармашылық жұмысшы топ құрылып, өз жұмысын бастап кетті. Қазіргі таңда аталған жұмысшы топтың мүшелерімен бірігіп «Туризм», «Мектепке дейінгі тәрбие», «Ақпараттық жүйелер» мамандықтарының білім беру бағдарламалары әзірленіп, **алғаш болып**, 9-сыныптан кейінгі білім алушылар үшін оқу мерзімін 3 жыл 10 айдан 2 жыл 6 айға дейін, 11 сыныптан кейінгі білім алушыларға 2 жылға дейін қысқартылды



Қашықтықтан оқыту жүйесі



2020 жылдың 16 наурызынан «Zhansugurov college» қашықтықтан оқытуға көшіп, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің қашықтықтан оқыту технологиялар институты негізінде білім беруді жүзеге асырды.

Алматы облысының білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті мониторингісінің қорытындысы бойынша колледж облыстық **«ТОП-7»** үздік колледждер қатарына еніп, қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруда тәжірибе таратудың **консалтингтік** орталығы ретінде ұсынылды.





І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Zhansugurov college» республикалық деңгейде **модератор болып** «Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде қашықтықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру және бағалау саясаты» тақырыбында 123 колледж қатысуымен **семинар ұйымдастырды**



Үздік бейне сабақтар



Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру барысында студенттерді оқу материалдарымен қамтамасыз ету үшін оқытушылар бейне сабақтар әзірледі. Колледждің «You Tube» каналы құрылып, әр оқытушы жеке плейлистеріне бейнесабақтар жүктеді. Қазіргі таңда «You Tube» каналында барлығы **1135 бейне сабақтар** жүктелген. Үздік бейне сабақтар «Талап» КЕАҚ - да **5 бейне сабақ**, республикалық оқу-әдістемелік бірлестікке **29 бейне сабақ**, облыстық білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығына **3 бейне сабақ**, республикалық «AiTube» каналдарына **24 бейне сабақтар** жарияланды. Үздік деп танылған бейне сабақтарды республикамыздың колледж оқытушылары үлгі ретінде пайдаланып жатыр.



Оқытушылардың ғылыми конференцияларға қатысуы



Халықаралық конференция

1. Абильмажинова Асель
Куанышбековна
2. Сулейменова Айгул Максутхановна
3. Айтжанова Айман Айткурмановна
4. Боранбаева Гульфайрус Нурсапаевна
5. Таева Маншук Турсунбаевна
6. Корабаева Меруерт Сериковна
7. Омарова Гуля Батырхановна
8. Кусаинова Динара Жанатовна
9. Нургалиева Асель Ергалиевна
10. Карасаева Айжан Ивановна
11. Жумадилова Сауле Мауленовна
12. Бейсенбеков Ерик Бакдаулетович
13. Октябрь Алемгуль
14. Жәркенова Арай Жанатқызы
15. Уклинова Каршыға Едиловна
16. Отарбекова Сауле Мукатаевна

Республикалық конференция

1. Макеева Камшат Маулетовна
2. Сулейменова Айгул Максутхановна
3. Айтжанова Айман Айткурмановна
4. Таева Маншук Турсунбаевна
5. Корабаева Меруерт Сериковна
6. Тулекова Алия Маратовна
7. Омарова Гуля Батырхановна
8. Карасаева Айжан Ивановна
9. Алибекова Шырын Оразкуловна
10. Исмаилова Асель Тлеухановна
11. Нургалиева Асель Ергалиевна
12. Наурызбаева Сатыпалды Наурызбайқызы
13. Бейсенбеков Ерик Бакдаулетович
14. Абзалқызы Гүлмира
15. Сейдахметов Алмас Асқарұлы
16. Октябрь Алемгуль
17. Жәркенова Арай Жанатқызы
18. Уклинова Каршыға Едиловна
19. Отарбекова Сауле Мукатаевна
20. Байырбекова Бакытгуль Сейтовна


Оқытушылардың имидждік мақалалар шығаруы




1. Абилямажинова Асель
Куанышбековна
2. Макеева Камшат Маулетовна
3. Сулейменова Айгул Максутхановна
4. Айтжанова Айман Айткурмановна
5. Боранбаева Гульфайрус Нурсапаевна
6. Корабаева Меруерт Сериковна
7. Омарова Гуля Батырхановна
8. Карасаева Айжан Ивановна
9. Мухашев Ельдос Сламкулович
10. Кеңес Ерсін Асқарұлы
11. Алиев Мурат Кайсарович
12. Рыскельді Арай Асхатұлы
13. Жапаш Ербол Ерікұлы
14. Жумадилова Сауле Мауленовна
15. Наурызбаева Сатыпалды
Наурызбайқызы
16. Бейсенбеков Ерик Бакдаулетович
17. Абзалқызы Гүлмира
18. Жәркенова Арай Жанатқызы
19. Уклинова Каршыға Едиловна
20. Отарбекова Сауле Мукатаевна



Қабылдау туралы мәлімет:
2019-2020 оқу жылында колледжге
302 білім алушы, оның ішінде,
200 білім алушы мемлекеттік
тапсырыс негізінде, 102 білім
алушы ақылы негізінде, 2020-2021
оқу жылында 267 білім алушы
ақылы негізіне қабылданды



■ мемлекеттік тапсырыс негізінде
■ ақылы негізінде



1 курста 262 білім алушы ақылы
негізінде, 2 курста 289 білім алушы,
оның ішінде, 200 білім алушы
мемлекеттік тапсырыс негізінде, 89
білім алушы ақылы негізінде,
бітіруші топтарда 19 білім алушы
(14 білім алушы «Құқықтану», 5
білім алушы «Аударма ісі»
мамандықтарында) ақылы негізінде
білім алады.




2019-2020 оқу жылы

1 жартыжылдық
қорытындысы бойынша
білім сапасы **67%** құраса, 2
жартыжылдық қорытындысы
бойынша **71%-ға** артты.

2020-2021 оқу жылы 1
жартыжылдық қорытындысы
бойынша **71%** көрсетті


Білім сапасы



Мемлекеттік тапсырыс негізінде оқитын білім алушылар саны – **200**, оның ішінде, 2019-2020 оқу жылы 1 жартыжылдық қорытындысы бойынша үздік оқып 15% үстемемен стипендия алған білім алушылар саны – **10** болса, 2 жартыжылдық қорытындысы бойынша үздік бітірген білім алушылар саны - **30** болды. 2020-2021 оқу жылы 1 жартыжылдық қорытындысы бойынша үздік бітіріп, үстемемен стипендия алған білім алушылар саны **43** құрады.



«Аударма ісі» мамандығының студенті Тумабай Гульжан 2020 жылдың қазан айында республикалық «100 Топ студент» байқауының жеңімпазы атанды



2021 жылдың ақпанында «Қазақстан балалары мен жастарына бағытталған «Елбасы медалі» қоғам мен мемлекет өміріне, шығармашыл және талантты жастарды қолдау жөніндегі ҚР тұңғыш президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаев ұсынған жобадан колледжіміздің 2 курс студенті Максұт Аружан Нұрланқызы қола медалін иеленді




Студенттердің олимпиадаға қатысуы



Оқу жылдары	Халықаралық олимпиада	Республикалық олимпиада	Облыстық олимпиада
2019-2020	2	6	7
2020-2021	3	45	17
Барлығы:	5	51	24



29.11.2019 ж. "Zhansugurov college" – де жалпы білім беретін пәндер бойынша колледждердің 1 курс студенттері арасында қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, информатика, математика пәндері бойынша аймақтық олимпиада 18 колледж студенттерінің қатысуымен өткізілді. Олимпиадада жүлделі орындарға ие болған колледж студенттерінің нәтижесі:




№	Пән	Орын	Жетекші	Жекелей біріншілік	Жетекші
1	Математика	1 орын - Бекенова Райхан, Багрова Ольга	Нұрлыбекова Гүлім Жанғазықызы	Бекенова Райхан	Нұрлыбекова Гүлім Жанғазықызы
2	Информатика	2 орын - Кенже Сұңқар, Дмитриев Алексей	Омарова Гуля Батырхановна	Дмитриев Алексей	Омарова Гуля Батырхановна
3	Қазақ тілі мен әдебиеті (оқыту тілі: орыс тілі)	1 орын - Серикова Аружан, Жетпісбай Айерке	Мәкеева Кәмшат Мәулетқызы	Серікова Аружан	Мәкеева Кәмшат Мәулетқызы
4	Қазақ тілі мен әдебиеті (оқыту тілі: қазақ тілі)	2 орын - Хизат Айшолпан, Ерланқызы Данагүл	Сүлейменова Айгүл Мақсұтханқызы	Мейманқұлова Әйгерім	Мәкеева Кәмшат Мәулетқызы
5	Орыс тілі мен әдебиеті (оқыту тілі: қазақ тілі)	1 орын - Галымбекова Наргиз, Усманова Айгерим	Айтжанова Айман Айткурмановна		
6	Орыс тілі мен әдебиеті (оқыту тілі: орыс тілі)	2 орын - Вятклева Екатерина, Садырова Арай	Қыстаубаева Ұлбосын Өмірбекқызы		
7	Ағылшын тілі	1 орын - Светличная Дарья, Бекова Амина	Тасва Мәншүк Тұрсынбайқызы	Светличная Дарья	Тасва Мәншүк Тұрсынбайқызы

«WorldSkillsTaldykorgan» чемпионатындағы колледж студенттерінің нәтижесі



№	Қатысушының аты-жөні	Күзiреттiлiк атауы	Нәтижесi
Педагогикалық күзiреттiлiктерi бойынша			
1	Мақсұт Аружан	Мектепке дейнгi тәрбие	II орын КУМИС
2	Юсупова Фатима Хасултовна	Кiшi сыныптарда оқыту	III ОРЫН ҚОЛА
3	Русланов Нұрсұлтан Русланұлы	Дене тәрбиесi және спорт	II орын КУМИС
Жұмысшы күзiреттiлiктер бойынша			
4	Хрипунова Нинель Владимировна	Графикалық дизайн	III орын Медальон
5	Тумабай Гүлжан Талғатқызы	Видеомонтаж	III ОРЫН ҚОЛА





2021 жылдың наурыз және сәуір айында өткізілген **«ZHETYSU – STARTUP»** инновациялық идеялар мен жобалар байқауына біздің 4 жас ғалымымыз өздерінің жобаларын ұсынған болатын. Жалпы байқауға 30 жоба қатысып, біздің колледж білімгерлерінің 2 жобасы жүлделі орындарға ие болды. II-дәрежелі дипломмен Бірімтай Лейла, Хасанова Адәлия, Малдыбеков Мадияр және ғылыми жетекшісі Бейсенбеков Ерик Бакдаулетович марапатталса, III – дәрежелі дипломмен Сапар Сұлтан Сұңқарұлы және ғылыми жетекшісі Омарова Гуля Батырхановна марапатталды.

«ZHANSUGUROV COLLEGE»



«IT Project» облыстық жастар инновациялық жобалар байқауына қатысып, 2 жоба ең үздік болып таңдалынды:

1) «QR-код негізіндегі кітап және тест жинағының жаңа үлгісі»
Л.Брімтай, А.Хасанова, М.Малдыбеков,
ғылыми жетекшісі
Е.Б.Бейсенбеков;

2) «Мобильді экскурсия»
С.Кенже,
ғылыми жетекшісі
Г.Абзалқызы.



LEAGUE 1

KAZGUU
University

PRESENTATION 1

Международный
университет
Silkway

PRESENTATION 2

Павлодарский
педагогический
университет

PRESENTATION 3

Колледж МАБ

PRESENTATION 4

Semey Medical
University

PRESENTATION 5

LEAGUE 2

Казахстанская
инновационная
академия

PRESENTATION 1

Zhansugurov
College

PRESENTATION 2

Toraighyrov
University

PRESENTATION 3

Колледж
Иностранных
языков

PRESENTATION 4

Медицинский
университет Астана

PRESENTATION 5

LEAGUE 3

КазАТИСО

PRESENTATION 1

КазУМОиМЯ
им.Абылай-хана

PRESENTATION 2

Dulaty University

PRESENTATION 3

Astana IT
University

PRESENTATION 4

Қарақия кәсіптік
колледжі

PRESENTATION 5

LEAGUE 4

КазНУ им.аль-
Фараби

PRESENTATION 1

Центрально-
Казахстанская
академия

PRESENTATION 2

КБТУ

PRESENTATION 3

Satbavev
University

PRESENTATION 4

LEAGUE 5

Колледж
Нархоз

PRESENTATION 1

Карагандинский
университет им.
ак.Е.А.Букетова

PRESENTATION 2

Caspian
University

PRESENTATION 3

Казахстанско-
Немецкий
Университет

PRESENTATION 4

LEAGUE 2

3rd PLACE

ZHANSUGUROV COLLEGE,
Г.ТАЛДЫКОРГАН

Колледж білімгерлері “Enactus Kazakhstan National Expo 2021” стартап байқауына қатысып, іріктеу кезеңіне өтті. Жалпы байқауға Республика бойынша студенттік 52 команда қатысып, 23 команда чемпион атағы үшін жартылай финалға сайысқа түсті. Жартылай финалға өту үшін 5 лига құрылды. «Zhansugurov college» өз лигасының ішінен 3 орынды иеленді.

“Zhansugurov College” байқауға 3 жобамен қатысты:

1. Alm.infozh
2. Энергия өндіретін инновациялық тақтайша
3. QR-код негізіндегі кітап және тест жинағының жаңа үлгісі

Халықаралық байланыс



Халықаралық білім арқылы **кәсіби қауымдастық кеңістігін** құру мақсатында **Орталық Азия университеті** білім беруді дамыту бағдарламасы мен Алматы облысы Ескелді ауданы Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп-гимназиясы қатысушылары арасында өзара ынтымақтастық туралы үш жақты (**Мектеп - колледж - университет**) келісім шарт жасалды. «Zhansugurov college» халықаралық білім беру кеңістігіне шығып, **Қырғызстан, Тәжікстан және Канада** елдеріндегі әріптестерімен байланыс орнатуға мүмкіндік алды.



«Zhansugurov College»-ң дуалды оқыту жүйесі



2020 жылы «1305000 - Ақпараттық жүйелер» мамандығы «130501 1 Дизайнер» біліктілігі бойынша АЖ 210 тобының 28 студент, «0101000 - Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы «010101 3 мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі» біліктілігі бойынша МДК 201 тобының 26 студент және «0105000 - Бастауыш білім беру» мамандығы «010501 3 Бастауыш білім беру мұғалімі» біліктілігі бойынша БК 203 тобының 25 студент дуалды оқыту элементтері бар эксперименттік білім беру бағдарламасына кірді.





Дуалды оқыту жүйесі аясында колледж «Ескелді ауданы әкімдігінің Шоқан Уәлиханов атындағы орта мектеп-гимназиясы мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі және «DIDAKT KZ» ЖШС-мен келісім шартқа отырды



Білімгерлердің іс-тәжірибеден өтуі



2020-2021 оқу жылында 21 топ оқу, педагогикалық және кәсіптік тәжірибеден өтті: оқу іс-тәжірибесінен – 333 білімгер, педагогикалық іс-тәжірибеден – 232 білімгер, өндірістік іс-тәжірибеден – 57 білімгер өтті.



■ оқу - 333

■ педагогикалық - 232

■ өндірістік - 57



«Zhansugurov College» тәжірибе базаларымен жасалған келісім шарт



2019-2020 жылдан бастап колледж Алматы облысы мен Талдықорған қаласының орта мектептерімен, коммерциялық банктерімен, балабақшалармен келісім шартқа отырды. Келісім шарттың саны 70 -тен асты.

№2 орта мектеп

Абай атындағы №1 орта мектеп-гимназия

"№4 орта мектеп

№14 орта мектеп- гимназиясы

№19 М.Жұмабаев атындағы мектеп-гимназия

№17 орта мектеп

№12 орта мектеп-гимназиясы

№9 орта мектеп

Н.Островский атындағы №8 орта мектеп

№21 орта мектеп Өтенай ауылындағы

А.С.Макаренко атындағы №6 орта мектеп

№26 мектепке бар орта мектеп

№7 орта мектеп

№15 орта мектеп

№1 ОРМБЖМ

№1 олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебі

ОРМБЖСМ футболдан

Олимпиада резервін дайындау орталығы

Спортта дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернат

Дене шынықтыру және спорт ғылыми-практикалық орталығы

«ЖАСТАР» спорт сарайы

«Жетісу» волейбол клубы

Школа высшего спортивного мастерства

"Жетісу" кәсіби футбол клубы

«Өркен» спорт кешені

«Бесарыс» көгалдағы хоккей бойынша кәсіби клубы

«Олимп» регби клубы

Алматы облысының олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар мен жасөспірімдердің жекпе-жек түрлері бойынша мектебі

Облыстық велоспорттан ОРМБЖМ




Кәсіптік бағдар беру жұмыстары



Колледждің кәсіптік бағдар беру жұмысы алғаш рет Алматы облысы бойынша "Квест-ойыны" форматында І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің белсенді студенттерімен ұйымдастырылды.

Квест ойыны Текелі қаласы мен Ақсу, Қаратал, Кербұлақ, Ескелді, Көксу аудандарында өтті.




Кәсіптік бағдар беру жұмыстары



2021 жылдың 1 сәуір айынан бастап колледжде кәсіптік бағдар беру айлығы басталды. Алакөл, Ақсу, Кербұлақ, Ескелді, Көксу, Қаратал, Сарқан аудандарының 9-сынып оқушыларымен, сондай – ақ Талдықорған мен Текелі қалаларының мектептерінің оқушыларымен онлайн – кездесулер өткізілді. Кәсіптік бағдар беру жұмыстары кезінде бейнероликтер, слайдтар, буклеттер көрсетілді, сондай-ақ оқушылар 2021 жылға арналған қабылдау қағидаларының өзгерістерімен таныстырылды. Кездесу барысында оқыту мерзімі, түрлері мен әдістері бойынша ғана емес, сонымен қатар ғылыми, мәдени, спорттық және студенттік өмірдің басқа да аспектілері бойынша мәселелер көтерілді.

Оқушыларға колледждің имиджі және әр мамандық туралы ақпарат You Tube, Whats App, Instagram, Telegram, Facebook әлеуметтік парақшалары арқылы таратылып, қосымша ақпараттар мектептердің электронды пошталарына салынды. Сонымен қатар, оқушылар арасында сауалнама өткізіліп, сауалнамаға– 5600 оқушы қатысты.



Жаңа форматта кәсіптік бағдар беру жұмыстар



Колледж туралы және колледж мамандықтар туралы 32 бейнеролик жасалып You Tube, Whats App, Instagram, Telegram, Facebook жүйелеріне және мектептердің электронды пошталарына салынды



Нравится: 83
zhansugurov__college Ақпараттық жүйелер-қазіргі кездегі ең жоғары сұраныстағы мамандықтардың бірі. Қазіргі уақытқа дейін дайындалған бұл мамандықтың түлектері көптеген салаларда (банктік, телекоммуникациялық, жылу энергетикалық, авиациялық, электрлік, энергетикалық, білім беру ж.т.б. жүйелерде) үлкен сұранысқа ие. Себебі, бұл мамандық иелері – дербес компьютерлерде программалық жабдықтауды, желілерді ұйымдастыруды, есептеу техникаларының жұмысын қамтамасыз етуді жақсы меңгерген білікті мамандар. Сонымен қатар, жоғары технологиялар бойынша терең білім алады, электрондық басқаруды құру, оның маңызын, жұмысын біледі.



Нравится: 69
zhansugurov__college «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау бағыты аясында педагогикалық ғылымдар саласында кадрлар даярлау үшін әзірленген. Бастауыш - білім берудің негізгі сатысы. Мектеп табалдырығын аттаған жас бала ертеңгі ел тұтқасы десек, оларды парасатты, саналы азамат етіп тәрбиелеу – әрбір ұстаздың борышы. Әсіресе, бастауыш сынып мұғалімдері. Өйткені бұл мамандық білім берудің алғашқы сатысы. Жалпы білім алу мен кез келген арнаулы мамандықтарға талпынудың іргетасы осы бастауышта



Тәрбие жұмысы



Колледждің тәрбие жұмысы ҚР төмендегі Заңдарын, бағдарламаларын басшылыққа ала отырып құрылады: ҚР «Білім туралы» Заңы, ҚР білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, ҚР Жастар саясаты туралы Заңы т.б.

Тәрбие жұмысының бағыттары:

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді. Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылады.




Колледжде өзін-өзі басқару жүйесі - студенттік сенат деп аталады. Студенттік сенатты спикер басқарады.



- **Студенттік сенат** - студенттердің оқуын, тұрмысын, бос уақытын ұйымдастыруға, олардың қоғамдық белсенділігін арттыруға, студенттік бастамаларды қолдауға қатысты өзекті сұрақтарды шешу бойынша бастамашыл, өздік, қоғамдық қызметінің ерекше үлгісі.





«Samgau» студенттік театры



2019 жылы «Samgau» студенттік театры құрылып, өз өнерлерімен қуантуда. Театрдың мақсаты – сахна өнерінің қыр-сырын зерттеп, студенттердің көркемдік және халықтық шығармашылығын жан-жақты дамуын қадағалау және жеке тұлғаның эмоциялық мәдениетін қалыптастыру;


«Samgau» театрының көркем жетекшісі тарих пәнінің оқытушысы Тулекова Алия Маратовна. Шығармашылық бағытта «Samgau» студенттік театрының жетістіктерін ерекше айтып өтуге болады. Аталған театр мүшелері көбіне қазақ елінің тарихына және түрлі жанрларда қойылымдарын сахналайды. «Samgau» студенттік театрында өнерлі 1 және 2 курс студенттері актерлік қырларымен танылып, барша көрермендерге әр түрлі тақырыпта сахналық көрініс қойып, өнерсүйер қауымға кеңінен таныс болды. Студенттерден құрылған ұжым бос уақыттарын тиімді пайдаланып, көптеген мәдени шараларға белсене қатысып отырады.



«Жәрдем» психологиялық көмек клубы



2020-2021оқу жылында оқу процесінің онлайн форматында өтуіне байланысты «Жәрдем» атты психологиялық көмек клубы ашылып, жұмысын жүзеге асырды. Клубтың **басты мақсаты:** онлайн сабақтың тиімділігінің бар екендігін ата-аналарға түсіндіріп, балалармен кері байланыстың қажет екендігін айтып, студенттерге оқу-тәрбие процесіндегі тиімді жолдарды түсіндіру болды. Клубтың жұмысының нәтижесінде, орталық студенттердің психологиялық жағдайы мен ахуалы қолайлы атмосфера тудырды. Клубқа жас мамандар - Рахметуллаева Маржан Жарасқызы мен Нурлыбаева Шырай Манатқызы жетекшілік етеді.



Полиция басқармасының жас көмекшілері



2019-2020 оқу жылында колледждің белсенді студенттері Талдықорған қаласы Полиция басқармасының жас көмекшілері болып тағайындалды. Оларға колледждің ішкі тәртібі мен студенттердің арақатынасын бақылау қызметі міндеттелді.






«Абайдың асыл мұрасы» Республикалық байқаудың нәтижесі



Ұлы Абайдың 175 жылдығына орай ұйымдастырылған «Абайдың асыл мұрасы» Республикалық байқауына «Жазбаша шығарма», «көркемсөз», «жазбаша шығарма», «вокал» жанрлары бойынша жүлдегерлер



22 наурыз Ұлыстың Ұлы күніне орай студенттік және қоғамдық белсенділігі үшін Талдықорған қаласының әкімі Е.Жасыбаевтың алғыс хатымен, студенттік сенаттың спикері Ускенбаева Алима, «Самғау» студенттік клубының жетекшісі Молдахан Гүлден мен белсенді мүшесі Бейсенбай Мәулен марапатталды







ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық
мерейтойына арналған «Ақылды
ұрпақ» атты қалалық брейнг-ринг
зияткерлік сайысында колледж
студенттері Сапар Сұлтан мен
Бактығалым Дариға
1 орынды иеленді



Университет көлеміндегі іс-шаралар



«Бірлігіміз жарасқан» атты ән байқауында «Бастауыш білім беру» мамандығының 1-курс студенті Кенжебек Аяжан жүлделі 1-орынға ие болды



«Ғасырлар арманы-Тәуелсіздік» атты жыр мүшәйрасында «Бастауыш білім беру» мамандығының 2-курс студенті Қалибекова Ақбаян I - орынды, «Аударма ісі» мамандығының 2-курс студенті Тумабай Гүлжан ынталандыру сыйлығына ие болды






2019-2020 оқу жылында колледж қабырғасында «Sketch Light» , «Euphoria» заманауи би топтары құрылды. Би топтарының жетекшілері Нұртайқызы Азиза, Ким Регина тағайындалды. Колледжшілік іс-шаралардың барлығында белсенділік танытады.



euphoria™




Университетшілік «BİLE JMU» заманауи би байқауында «Sketch Light» би тобы жүлделі ІІІ орынға және «Көрермен көзайымы» номинациясына ие болды





Университет көлемінде өткен «Zhetysu fest» ән
байқауында 1-курс студенті Тұрсынғазиева Ақбаян
1 орынды, 2-курс студенті Белашова Амина 3-орынды
иеленіп, жеңімпаз атанды






Университет ұйымдастырған «Билейік бірге» атты би байқауында жүлделі 3 орынды да біздің студенттер жеңіп алды. Олар:

- 1-орын 209 топ студенттері Ким Регина мен Шлыкова Наргиз;
- 2-орын 208 топ студенті Маратова Аяулым;
- 3-орын 108 топ студенті Советова Аяулым.



2021 жылдың 02-12 мамыр аралығында университет қабырғасында ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесіне орай университет және колледж студенттері арасында «Қазақ елі» тақырыбы аясында көркем сурет салудан байқау өтті. Нәтижесінде, «Дизайн» мамандығының 2 курс студенті Шәкіртхан Әнел жүлделі 2 орынды иеленді.



Университет жастарының ұйымдастыруымен ҚР
Тәуелсіздігіне арналған «Bastau Cup II» пікірталас турнирінде 7
команда арасында алғырлық танытып, «Үздік кейс»
номинациясына ие болған Марғұлан Ерасыл мен Омархан
Мейрамбек және «Үздік Сараптама» номинациясына
Сапар Сұлтан ие болды.



Колледждің үздік спортшылары



Колледжде 4 студент **спорт шебері**, Олар:

- Абдолда Жасұлан-бокстан;
- Раисова Эльмира-садақ атудан;
- Иембергенқызы Анель-армрестлингтен;
- Сетай Алмас-көгалдағы хоккейден.

6 студент **спорт шеберіне** үміткер,
4 студент волейболдан және жекпе-жектен **разряды** барлар.



«Саналы ұрпақ» жобасы аясында ЖУ университетінің білімгерлері арасында өткен спартакиадада жалпы командалық есепте жүлделі 2 орынға ие болды






«Денені еденнен көтеруден», «Кермеге тартылудан»
«Тоғызқұмалақтан», «Үстел теннисінен» студенттеріміз
жүлделі орындарға ие болды



Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығаруына 32 жыл толуына орай өткен дене көтеруден жарыста I орынды 101 тобының студенті Қыстаубаев Қанат, II орынды 125 топ студенті Малдыбеков Мадияр, III орынды 111 топ студенті Ким Эдуард пен 125 топ студенті Абайділда Айдос иеленді



І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің профессорлық оқытушы құрамы мен қызметкерлері арасында Басқарма төрағасы - Ректор кубогі жарысында шахматтан әйелдер арасында Омарова Гуля Батырхановна жүлделі ІІІ орынға ие болды.




2021 жылдың сәуір және мамыр айларында
Волейболдан Республикалық V жастар спорт
ойындарында 106 КҚ тобының студенті Күмісбек
Бекалы 1 дәрежелі дипломмен марапатталды



«Zhansugurov Colleg» еріктілері



Колледж қабырғасында «Көмек» еріктілер қозғалысы жұмыс жасайды. Ұйымның жетекшісі 2-курс студенті Беков Нұрым. Қаламыздағы көмек қажет соғыс ардагерлері мен жалғыз басты қарияларға көмек көрсетеді. Сонымен қатар, 2020 жылы Нұрсұлтан қаласында өткен «Еріктілер» жылының салтанатты ашылу сәтіне ұйым жетекшісі қатысты. Жалпы волонтерлер саны 47 студент.



Студенттердің волонтерлік қызметке тартылуы



Колледж еріктілері «Мейірімді жүрек» қайырымдылық акциясы аясында



Қайырымды істер марафоны» атты жалпыұлттық жобасы аясында...



Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтің бастамасымен ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, «Қайырымды істер марафоны» атты жалпыұлттық жобасы аясында, Алматы облысының колледждері арасында алғашқы болып «Аукцион добрых дел» атты онлайн марафон өтті. Қолдан жасаған суреттерді аукцион арқылы сатып, сонымен қатар студенттер тарапынан киім-кешек жиналды. Аукционнан түскен қаражатқа Ескелді ауданының М.Баисов ауылындағы көпбалалы 4 отбасына көмек көрсетілді. Марафонды өткізгеннен кейін, облыстың барлық колледждеріне әлеуметтік желі арқылы челлендж жолданды.



Ата-аналар комитеті



Колледж үштік процесс негізінде жұмыс жасайды. Атап айтар болсақ, колледж – студент - ата-ана. Колледж әкімшілігі мен топ кураторлары ата-аналармен тығыз жұмыс жасайды. Әр ай сайын ата-аналар жиналысы өтіп тұрады. Ол жерде балалардың тәртібі мен үлгерімі баяндалады. Топ кураторлары, күнделікті ата-аналарға студенттердің сабаққа қатысуы туралы мәлімет беріп отырады. Оқу жылының басында колледж ішінде ата-аналар комитеті сайланып, 10 белсенді ата-ана комитеттің құрамына енді.



2021-2022 оқу жылына қойылатын МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР:



1. КОЛЛЕДЖ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ САПАЛЫҚ ҚҰРАМЫН 85% ДЕЙІН КӨТЕРУ:

«Педагог-зерттеуші» біліктілік санаты – 5 оқытушыға дейін;

«Педагог-сарапшы біліктілік санаты- 7 оқытушыға дейін;

«Педагог-модератор» біліктілік санаты – 10 оқытушыға дейін.

«Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңына сәйкес, біліктілік санаттарын көтерген оқытушыларға қосымша үстемақы төлеуді мәселесін қарастыру

(Орындалу мерзімі: 2021 ж. желтоқсан айы).

2. ЖАҢА ТАЛАПТАРҒА САЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТАПСЫРЫС ОРНАЛАСТЫРУ КОНКУРСЫНА ҚАТЫСЫП, МЕМЛЕКЕТТІК ТАПСЫРЫС НЕГІЗІНДЕ ОҚИТЫН СТУДЕНТТЕРДІҢ САНЫН КӨБЕЙТУ 400-ГЕ ДЕЙІН

(Орындалу мерзімі: 2021 ж. тамыз-қыркүйек айлары).

3. КРЕДИТТІК-МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, МОДУЛЬДІК-ҚҰЗЫРЕТТІ ТӘСІЛ НЕГІЗІНДЕ БАРЛЫҚ МАМАНДЫҚТАР МЕН БІЛІКТІЛІКТЕР БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЖАСАУ. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ БАРЫСЫНДА 9-СЫНЫПТАН КЕЙІНГІ БІЛІМ АЛУШЫЛАР ҮШІН ОҚУ МЕРЗІМІН 3 ЖЫЛ 10 АЙДАН 2 ЖЫЛ 6 АЙҒА ДЕЙІН, 11 СЫНЫПТАН КЕЙІНГІ БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА 2 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ҚЫСҚАРТУ

(Орындалу мерзімі: 2021 ж. тамыз айы).



2021-2022 оқу жылына қойылатын МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР:



4. СТУДЕНТТЕРДІҢ КОНТИНГЕНТІНІҢ ЖӘНЕ АРНАЙЫ ПӘНДЕР САҒАТТАРЫ КӨЛЕМІНІҢ ӨСУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ КОЛЛЕДЖ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖҮЙЕСІН ЖАСАҚТАУ:

1. Жалпы білім беретін пәндер кафедрасын ұйымдастыру;
2. Гуманитарлық техникалық бағыттары бойынша кафедрасын ұйымдастыру;
3. Педагогикалық мамандықтар кафедрасын ұйымдастыру

(Орындалу мерзімі: 2022 ж. ақпан айы).

5. МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ЗЕРТХАНАЛАР МЕН КАБИНЕТТЕР АШУ:

1. Дизайн кабинеті;
2. Алғашқы әскери дайындық кабинеті;
3. Туризм кабинеті

(Орындалу мерзімі: 2021 ж. қараша айы).

6. ДУАЛДЫ ОҚЫТУДЫҢ НАҚТЫ МЕХАНИЗМІН ҮШ МАМАНДЫҚ: МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ОҚЫТУ, БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ПЕДАГОГИКАСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, ІСКЕ АСЫРУ.

(Орындалу мерзімі: 2022 ж. ақпан-наурыз айлары).

7. КОЛЛЕДЖДІҢ ИНДУСТРИАЛДЫ КЕҢЕСІН ҚҰРУ

(Орындалу мерзімі: 2022 ж. сәуір айы).

